

**Біз –
Қазақстанның
болашағымыз!**

- Әнұраным – жан ұраным
Айтар әнім – сөйлер сөзім
Туған жерім – сағынарым
Мәңгі-бақи шырқалады.
Республикама әнұраным!




-60411544_321993769.mp3

Қазақ жері



**16 желтоқсан-
Қазақстан тәуелсіздігін
жариялаған күн.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ
ПРЕЗИДЕНТІ**



Нурсултан Назарбаев

на исторической ленте

**Еліміздің мемлекеттік рәміздері:
Қазақстан Республикасының
мемлекеттік туы**



Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы ортасында шұғылалы күн, оның астында қадықтап ұшқан қыран бейнеленген тік бұрышты көгілдір түсті мата. Бұл түс - ашық аспанның, тыныштықтың белгісін көрсетеді. Тудың ортасындағы алтын күн – баршаға ортақ, бәріне нұрын шашып, сәулесін төгеді. Оның жылуы жер бетіндегі бүкіл тіршілік атаулыға ортақ. Алтын күнді қанатымен жебеп, өрге көтеріп ұшып бара жатқан қыран құс – ерлік белгісі. Матаның сол жағында ою-өрнегі бар тік жолақ орналасқан. Бұл қазақ елінің әшекейі. Алтын күн, Қыран және ою-өрнек біздің халқымыздың ашық келешегі мен бай-берекесі, тыныштық пен байлықтың белгісі.



Шәкен Ниязбеков

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы



Қазақстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасында көгілдір түс аясында шаңырақ бейнелеген. Шаңырақты айнала күн сәулесіндей тарап, уықтар шаншылған. Жарық жұлдыз –

Отанымыздың жұлдызы биіктеп, бақыт жұлдызынан нұр шашып тұрғанын бейнелейді.

Қанатты тұлпардың баламалық мәні қазақтың аңыз ертегісінен алынған. Аңыз бойынша қанатты тұлпарға мінген алып батыр алты қанат аспанға ұшып, жеті қат жер астында түсіп халықты қасіреттерден азат еткен, еліміздің азаттығы мен жеңімпаздығының белгісі. Бидай сабақтары тоқшылықты, молшылықты білдіреді. Ал төменгі жағындағы «Қазақстан» деген жазу еліміздің ежелден әлемге танымал екенін көрсетеді.



**Жандарбек
Мәлібеков**



**Шота
Уәлиханов**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны



**Сөзі:
Жүмекен
Нәжімеденов**



**Нұрсұлтан
Әбішұлы
Назарбаев**



**Композиторы:
Шәмші
Қалдаяқов**

* Әнұран:

Мемлекеттік Гимн халық жүрегінің лүпілін танытып, адамдарды патриоттық сезімге бөлейтін музыкалық бойтұмар іспеттес. Оның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, Атамекенге шексіз берілгендік аңғарылса, сөзінен рухани жан-дүниемізді танытар ұлттық қасиетіміз бен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшағымыз, еркіндікке құштар кең көңіліміз жақсы көрініс тапқан. Мемлекеттік Гимн - егеменді еліміздің Туы мен Елтаңбасының сазды баламасы.

Мен - қазақпын мың өліп, мың тірілген.
Жөргегімде таныстым мұң тілімен.
Жылағанда жүрегім, күн тұтылып,
Қуанғанда күлкімнен түн түрілген.

Мен - қазақпын, биікпін, байтақ елмін,
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.
Мен мың да бір тірілдім мәңгі өлмеске
Айта бергім келеді, айта бергім!



ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!





Тәуелсіздік күні құтты болсын!



BY AIDANA KOSHEVINA